№5 дәріс. Дәстүрден қазіргі мәдениетке: трансформация жолдары

Лингвистикада тілдік құбылыстарды «тіл және адам» диадасы спектірінде қарастыру антропоөзектілік принциптің табиғатын, өзіндік ерекшелігін, бұл принциптің немен, қандай проблемамен және қалай байланысып жатқанын зерттеп-білу деген сөз. Антропоөзектік бағыт бойынша:

1. Адам факторы – тілдегі негізгі фактор;
2. Тіл адамға, оның ойына және мінез-құлқына қалай әсер етеді; осы әсер адамның санасында қалыптасқан әлемнің тілдік суретіне нені қосады;
3. Адам өзі сөйлейтін (тұтынып жүрген) тілге қалай ықпал етеді, жалпы ықпал ете ала ма;
4. Адамның лингвокреативті іс-әрекетін жүзеге асыру үшін тіл жүйесінің қай бөлігі ыңғайлы болып табылады немесе адам үшін қай бөлік ашық та қолайлы;
5. Жүйенің қай бөлігі адам ықпалына көп ұшырауы мүмкін;
6. Қай бөлік өзгерісті қабылдауға бейім, т.б. қарастырады. Міне, тілдегі антропоөзектік бағыт зерттейтін мәселелердің қысқаша сипаттамасы осындай, бұл бағыттағы зерттеулер осы проблемалардың айналасына шоғырланған. Антропоөзекті бағыт қазақ тіл білімінде тіл мен мәдениет сабақтастығын терең зерттеген ғылыми еңбектер арқылы танылып отыр.

Антропоөзектік парадигма бұрыннан белгілі, танымал классикалық әдістемелік зерттеулер сияқты таным объектісін зерттегеннен гөрі, таным субъектісіне, яғни адамға бет бұрды. Өйткені адам – тұлға, жай ғана ізгілік пен қайшылықтардың жиынтық образы емес, ұлттық және әлеуметтік белгілерді бойына жинақтаушы тұлға. Сондықтан да этнолингвистика, этнопсихология, этнопедагогика, психолингвистика, лингвомәдениеттану, когнитивті лингвистика – бәрі де адам санасы мен танымын, оның терең қатпарларын, таным мен сананың, адам ұғым-түсінігінің, ойы мен ойлауының тілі арқылы жарыққа шыққан нәтижелерін зерттейді. Бұл салалардың бәрі де адамзаттық философиямен тамырласып жатыр» – дей келе, антропоцентристік парадигманың мазмұнын осылайша түсіндіре келе, антропоцентризмнің алты түрлі принципін саралауынан тілдің адамға, адамның тілге қатыстылығын көрсетеді [126, 11-13 б.]. Тілді антропоцентристік парадигма аясында зерттеу (адам феноменіне тереңірек үңілу) қазақ тіл білімінде 2000 жылдан бері негізгі бір проблемасына айналып, өз шеңберінде этнолингвистика, лингвомәдениеттаным, когнитивтік лингвистика, әлеуметтік лингвистика, т.б. секілді жекелеген ғылымдардың тоғысуынан туындаған (мәдениет пен лингвистика, когнитология мен лингвистика, т.б.) ғылымдарды қалыптастырып, әрі дамытып отырған тіл біліміндегі антропоцентристік парадигма мәселесіне зерттеушілер соңғы уақыттарда ерекше назар аударуда. Лингвистика ғылымы негізінен дәстүрлі үлкен үш ғылыми бағыттың аясына топтастырылып жүр. Олар: салыстырмалы-тарихи бағыт, жүйелік-құрылымдық бағыт (структуралық), антропоцентристік бағыт.

Жалпы XIX ғасырда ғылым атаулы дүниеге келсе, сол кезеңмен іргелес тіл білімінің алғашқы ғылыми парадигмасы салыстырмалы-тарихи парадигма дүниеге келіп, тілді зерттеудің салыстырмалы-тарихи әдісін қалыптастырды. Салыстырмалы-тарихи бағыт тіл ерекшелігі мен болмысын өзара бір-бірімен салыстыру үрдісін қарастырды. Тіл білімі тарихында салыстырмалы-тарихи парадигманы Ф.Бопп, А.Мейе, Р.Раск, т.б. ғалымдар қарастырды.

Қазақ тіл білімінде салыстырмалы-тарихи әдіс аясында зерттеу мәселелері түркологиялық маштабта, салыстырмалы-салғастырмалы (туыстас тілдер және генетикалық жақындығы жоқ тілдермен салыстыру арқылы) әдістер негізінде қарастырылу үстінде. Жүйелі-құрылымдық бағыт (структуралық) XX ғасырда қарқынды дамып, тіл құрылымын «өз ішінде және өзі үшін» мейлінше кеңінен қарастырды. Онда негізінен сөзді таңбалық жүйе ретінде қарастырып, тілдің құрылымдық ерекшелігін, сонымен қатар тілдің әртүрлі деңгейіндегі парадигмалық және синтагмалық қатынастарын, қызметін т.б. түсіндіруде көптеген зерттеулер жүргізілді және бұл үрдіс әлі де өз жалғасын үзбеуі заңды құбылыс.

Тілдің структуралық сипатын қарастыруда жалпы тіл білімінде Ф.Фортунатов, Бодуэн де Куртенэ, Ф.де.Соссюр, А.Мартине, Э.Бенвенист, А.Реформатский, т.б. көптеген белгілі зерттеушілер теориялық маңызы күшті еңбектерді тіл білімі тарихына мұра етіп қалдырды. Тілдің жүйелі-құрылымдық сипаты қазақ тіл білімінде де мейлінше жанжақты зерттелді. Бұл бағытта қазақ тіл білімін жоғыры сатыға көтерген А.Байтұрсынұлы, Қ.Жұбанов, С.Аманжолов, І.Кеңесбаев, Ғ.Мұсабаев, М.Балақаев, Н.Сауранбаев, Ә.Қайдар, Р.Сыздық, Ш.Сарыбаев, Н.Оралбаева, Ғ.Қалиев, т.б. секілді баба буын, ата буын, аға буын, жас буын ғалымдары біршама тер төкті. Бүгінгі күндері қазақ тілінің жүйелік-құрылымдық сипатына қатысты мәселенің біршама жағдайда (шартты түрде) шешіліп қойды. Мәселен тілдің жүйелік-құрылымдық сипатына қатысты қазақ тілінің академиялық грамматикасының жазылғандығы, көптеген сөздіктердің (орфографиялық, орфоэпиялық, түсіндірмелі, диалектологиялық, этимологиялық, синонимдік, т.б.) дүниеге келіп, көпшіліктің игілігі үшін қызмет атқарып жатқандығынан көруге болады. XXI ғасырда тіл табиғатына деген көзқарас жаңаша сипат ала бастады.

XX ғасырдағы тілді өз ішінде қарастыру мәселесі жеткіліксіз болып, жаңа сатыға теориялық-танымдық әдістеме көтерілді. Онда негізінен тілді ой-санамен, мәдениетпен, адамның қарапайым тұрмыстық өмірімен бірлестікте қарау қажеттігі туындады. Жаңа ғасыр тудырған аталған қажеттілік лингвистикада жаңа ғылыми бағыт – антропоцентристік парадигманың қалыптасуына ықпал етті. Бұл бағыт тілді зерттеуде адаммен байланысын алдыңғы қатарға шығарды. Онда негізінен «адам болмысын тіл арқылы немесе керісінше тілді адам арқылы анықтау» атты анықтама басшылыққа алынады.

Тіл білілімдегі жаңа ғасырдағы зерттеулер жаңа бағытта жаңаша сипат алғанымен, оның бастау көзі өткен ғасыр зерттеулерінде жатқандығы тіл білімі тарихындағы қазан лингвистикалық мектебінің зерттеулерінен көруге болады. Қазан лингвистикалық мектебінің өкілі Бодуэн де Куртенэнің тілдік

бірліктерді зерттеуде тілдің сыртқы және ішкі формаларының сабақтастығына [11] баса назар аударуынан жүйеліқұрылымдық парадигмамен антропоцентризмнің өзара сабақтастығын көруге болады. Онда негізінен тіл тек қатынас құралы, ой алмасудың тетігі емес, этностың мәдени болмысын (рухани және материалдық) қарастыратын антропоцентристік бағытпен қатынасқа түседі. Ал тіл біліміндегі антропоцентристік парадигма тілді адам болмысымен өзара сабақтастықта қарастыруды басшылыққа алады. Яғни, адам әлемінің тіл арқылы рухани болмысын көрсету болып табылады.